



KASE АПТАЛЫҒЫ

24–28 Қараша, 2025

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE 2025 жылдың желтоқсанына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші класындағы бағалы қағаздардың тізімдерін [қалыптастырды](#).
- KASE ресми тізіміне Шымкент қаласы әкімдігінің [KZSJ00000226](#) (SHK120_022), "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ ЖШС (TAS Finance Group) [KZ2P00016140](#) (MFTSb4) облигациялары және АҚШ Қаржы министрлігінің халықаралық облигацияларының [9 шығарылымы](#) енгізілді.
- KASE-де "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00015568](#) (MFOk30), [KZ2C00015576](#) (MFOk31), "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ ЖШС [KZ2P00015746](#) (MFSCb6), [KZ2P00015738](#) (MFSCb7), [KZ2P00015712](#) (MFSCb8), [KZ2P00015720](#) (MFSCb9), "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ [KZ2C00015253](#) (NITCb2), [KZ2C00015279](#) (NITCb3), "Кредит Тиме" МҚҰ ЖШС [KZ2P00010416](#) (MFkTb5), "Бөйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [KZ2C00016160](#) (BTRKb28), "Orbis Leasing" ЖШС [KZ2P00016124](#) (ORBSb6), "Home Credit Bank" АҚ [KZ2C00013795](#) (HCBNb16) облигацияларымен және Азия даму банкінің [XS3231207146](#) (ASDBe23) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00010833](#) (MFOk327) және "Mogo Kazakhstan (Мого Қазақстан)" МҚҰ ЖШС [KZ2P00014608](#) (MFMOb33) облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық тәртіптемесіне аударылды.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- SPO шеңберінде KASE-де "Қазақстан Халық Банкі" АҚ [KZ000A0LE0S4](#) (HSBK) жай акцияларының жария ұсынысының нәтижелері.
- Қазақстан Қаржы министрлігі 42,8 млн MEYKAM [KZKD00001301](#) (MUM096_0015), 14,8 млн MEYKAM [KZKD00000964](#) (MUM156_0006) и 9,0 млн MEYKAM [KZKD00000659](#) (MUM180_0008) орналастырды.
- "Бөйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ [KZ2C00016160](#) (BTRKb28) облигацияларын орналастыру арқылы 50,0 млрд теңге [тартты](#).
- Азия Даму Банкі жазылым арқылы [XS3231207146](#) (ASDBe23) халықаралық облигацияларын орналастырып, 30,8 млрд теңге [тартты](#).
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ [KZ2C00015246](#) (AGKKb23) облигацияларын орналастыра отырып, жазылым арқылы 31,2 млрд теңге [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ [KZ2C00014116](#) (HCBNb18) үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы 5,1 млрд теңге [тартты](#).
- "Home Credit Bank" АҚ [KZ2C00014173](#) (HCBNb20) үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы 10,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Orbis Leasing" ЖШС [KZ2P00016124](#) (ORBSb6) үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы \$5,0 млн [тартты](#).
- "ТССП Групп" ЖШС [KZ2P00014301](#) (TSSPb6) облигацияларын орналастыру арқылы 500,0 млн теңге [тартты](#).
- "Нұрбанк" АҚ өзінің [KZ2C00006070](#) (NRBNb16) облигацияларының 4,5 млн теңгесін 4,6 млрд теңгеге [сатып алды](#).
- "Bank RBK "Банк" АҚ 176,9 млрд теңге сомасына [KZ2C00004125](#) (INBNb7) 176,8 млн облигацияларын [сатып алды](#).
- Екі облыстың әкімдіктері 5,8 млрд теңге [тартты](#).
- Шымкент қаласының әкімдігі [KZSJ00000226](#) (SHK120_022) облигацияларын орналастыру арқылы 3,5 млрд теңге [тартты](#).
- "TRANZIT TRANS LOGISTICS" ЖШС жазылым арқылы [KZ2P00016116](#) (TTLSb1) үш жылдық облигацияларын орналастыру арқылы \$20,0 млн [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ждқ сатып алу бағдарламасы [US46627J3023](#), [US46627J2033](#) (HSBKd) шеңберінде меншікті бағалы қағаздармен мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "Эйр Астана" АҚ 2025 жылдың 18-24 қараша аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ және KazMunaiGaz Finance Sub B. V. [XS1595714087](#), [US48667QAP00](#) (KMGZe12) және [XS1807299331](#), [US48667QAS49](#) (KMGZe15) халықаралық облигацияларын кері сатып алу туралы тендерлік ұсыныстар [жариялайды](#).
- "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ 2025 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелерін [хабарлады](#).
- 2025 жылдың тоғыз айында "ҚазТрансОйл" АҚ шоғырландырылған таза пайдасының өсуі 23,7 % [құрады](#).
- "KEGOC" АҚ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында [KZ1C00000959](#) (KEGC) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- "ForteBank" АҚ "Home Credit Bank" АҚ-ның мажоритарлық акционері [болды](#).
- Tethys Petroleum Limited компаниясы Қазақстан Республикасындағы қызметі туралы жаңартылған ақпаратты [ұсынды](#).

28.11.2025

KASE Индексі

6 818,90

Трендтер (%)

1,5 -1,8

Бағасы

Δ 7к


Δ 1а

АО "ForteBank"	13,7	13,0	8,8
Intel Corporation	39,7	12,2	5,3
PayPal Holdings Inc.	63,1	6,7	18,8
АО "Казхтелеком"	40 300,0	6,5	4,4
Tesla, Inc.	433,9	3,9	6,5
Pfizer Inc.	25,4	3,5	1,7
Bank of America Corporation	53,8	2,8	1,7
АО "Эйр Астана"	890,0	2,1	4,7
Apple Inc.	277,0	2,0	3,3
АО Kaspi.kz	39 445,0	2,0	8,0
AT&T Inc.	25,9	1,7	2,5
Microsoft Corporation	493,1	1,4	9,4
АО "КазТрансОйл"	837,0	0,9	2,7
АО "KEGOC"	1 395,0	0,3	2,6
АО "Национальная атомная компания"	28 248,0	0,0	1,8
Advanced Micro Devices, Inc.	217,5	0,6	16,8
АО "KM GOLD"	66,5	1,2	1,6
АО "Народный Банк Казахстана"	320,0	1,2	9,6
АО "Кселл"	3 335,0	1,3	0,9
АО "Национальная компания "КазМунай"	22 160,0	1,3	0,1
АО "Банк ЦентрКредит"	4 600,0	3,3	0,9
Freedom Holding Corp.	138,0	3,5	14,8
NVIDIA Corp.	177,5	5,0	7,8


Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары

Сауда-саттық көлемі, млн теңге (←) KASE Индексі (→)



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Үш апта қатарынан төмендегеннен кейін KASE Индексі өткен аптада 6 819 пункт деңгейіне көтеріліп, 1,5 % өсім көрсетті.

Эйр Астана әуекомпаниясы 18-24 қараша аралығында сатып алу бағдарламасы шеңберінде жалпы сомасы \$46,2мың болатын 6,8 мың жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады. Тасымалдаушының акциялары бір апта ішінде 1,7 %-ға өсіп, 890 теңгені құрады.

Halyk bank жай акциялар мен жаһандық депозитарлық қолхаттарды қайталама ұсыну мәмілесін сәтті жүзеге асырғанын жариялады. Жай акцияларға және жаһандық депозитарлық қолхаттарға өтінімдерді жинау қорытындысы бойынша жергілікті нарықтағы жиынтық сұраныс \$79 млн құрады, оның 20,5 %-ы бөлшек инвесторлардың сұранысына және 79,5 %-ы институционалдық инвесторлардың сұранысына тиесілі болды. Жергілікті нарықта SPO шеңберінде түскен өтінімдердің 91 %-ы акцияларға және 9 %-ы жаһандық депозитарлық қолхаттарға тиесілі болды. Жеке тұлғалардан KASE-ге түскен белсенді өтінімдер саны 6,2 мың, жалпы көлемі 5,3 млрд теңгені құрады. Жария ұсыныс нәтижелері бойынша KASE-де бір акция үшін 298,6 теңге бағамен 121,8 млн акцияны сатып алуға 5,3 мың өтінім қанағаттандырылды. KASE-ке қанағаттандырылған өтінімдердің жиынтық көлемі 36,4 млрд теңгені құрады. Банктің акциялары бір апта ішінде 4,4 %-ға өсті.

Қаржы секторының басқа өкілдерінің акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті. Банк ЦентрКредиттің жай акциялары 1 %-ға төмендеді, ал Kaspi.kz акциялары апта қорытындысы бойынша 4,2 % өсті.


Сонымен қатар, KEGOC 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында жай акциялар бойынша дивиденд төлегенін хабарлады. Бір акцияға дивиденд мөлшері 80,9 теңгені, төлем сомасы – 22,2 млрд теңгені құрады. Бір апта ішінде компанияның акциялары 0,5 %-ға өсті.

ҚазМұнайГаз 2025 жылдың 9 айында операциялық және қаржылық нәтижелерді ұсынды. Кірістер өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11 %-ға ұлғайып, 7 трлн теңгені құрады, EBITDA 12 %-ға 1,8 трлн теңгеге дейін өсті. Таза пайда 13 %-ға 978 млрд теңгеге дейін, ал түзетілген таза пайда 16 %-ға 1,2 трлн теңгеге дейін өсті. Ұлттық компанияның акциялары бір апта ішінде 1,3 %-ға төмендеді.


ҚазТрансОйл шоғырландырылған қаржылық есептілігіне сәйкес 2025 жылдың 9 айында түсім 254,2 млрд теңгені құрады, бұл 2024 жылдың көрсеткішінен 10,5 %-ға жоғары. Ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша таза пайда 39,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 23,7 %-ға артық. Бір апта ішінде акциялар 0,6 %-ға өсті.

Ақша нарығында бір күндік TONIA репосын тарту мөлшерлемесі апта қорытындысы бойынша жылдық 17,52 %-ға дейін өсті. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 12,48 %-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Қазан айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 3,5 %-ға, АҚШ доллары үшін 529,96 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 248 млн АҚШ долларынан 271 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6 млрд. АҚШ долларын құрады.

Қазан айында Ұлттық қордан валютаны сату 660 млн АҚШ долларын құрады, бұл республикалық бюджетке трансферттер бөлуді, сондай-ақ "Талдықорған-Үшарал" магистральдық газ құбырын салу жөніндегі инфрақұрылымдық жобаны қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 11 % немесе күніне шамамен 30 млн АҚШ долларын құрады.

Күтілетін фискалдық түсімдерді ескере отырып, Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдері бойынша республикалық бюджетке трансферттер бөлуге қарашада Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды күтеді.

Айналау операциялары аясында қазан айында 475 млрд теңге стерилизацияланды. Осы мақсатта қараша айында 475 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтілуде. Сонымен қатар, алтын бағасының айтарлықтай өсуі аясында айналау шеңберіндегі өтімділікті алу көлемі алтын сатып алу жөніндегі операцияларға байланысты теңгелік эмиссия көлемінен артта қалып отыр. Ағымдағы жылдың басынан бері жинақталған алынбаған өтімділікті ескере отырып, айналау операциялары шеңберінде IV тоқсан ішінде 1,4 трлн теңге баламалы сомаға шетел валютасын сатуды жүзеге асыру жоспарлануда.


Ұлттық банк қазан айында валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімнің бір бөлігін міндетті сату жөніндегі норма шеңберінде өткен айдың қорытындысы бойынша валюталық түсімді сату көлемі шамамен 279 млн АҚШ долларын құрады.

Бұрын айтылған жоспарға сәйкес, БЖЗҚ валюталық активтерінің үлесі шамамен 40 % құрайтынын ескере отырып, Ұлттық Банк қазан айында зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне АҚШ долларын сатып алуды жүзеге асырмады. Қараша айында валюта сатып алу да жоспарланбаған.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.24)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	6 849,09	3,7	-0,6	14,2	3,6
 Dow Jones	47 716,42	3,2	0,2	6,7	3,1
 PTC	1 077,78	0,7	7,8	47,1	
 MMBБ	2 676,42	-0,3	6,1	5,0	
 Hang Seng	25 858,89	2,5	-1,8	33,5	2,6
 SS CSI 300	4 526,66	1,6	-4,7	16,9	1,5
 Euro Stoxx 50	5 668,17	2,8	-0,7	19,1	2,9
 FTSEuroFirst	6 368,50	2,5	-0,5	17,4	2,5
 FTSE 100	9 720,51	1,9	-0,4	17,4	2,0
 KASE	6 818,90	1,5	-1,8	24,6	

Шикізат нарығы

28.11.2025

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	63,20	1,0	-2,6	-13,8
Мұнай (WTI)	58,55	0,8	-3,2	-14,8
Табиғи газ	4,85	5,9	43,7	51,4
Мыс	518,55	3,4	-1,5	27,5
Темір	807,50	0,2	-1,9	3,1
Алтын	4 239,43	4,3	7,9	60,5
Күміс	56,45	13,1	17,8	87,5
Астық	531,00	0,8	-0,2	-1,3

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

Валюта Болжам Алдыңғы

01.12	Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)	USD	51,9	52,5
02.12	ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі	USD		
02.12	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қараша)	EUR	2,1%	2,1%
03.12	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қараша)	USD	55,0	55,0
03.12	Шикі мұнай қоры	USD		2,774M
04.12	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны	USD	220K	216K
05.12	Жеке тұтыну шығыстарының базалық баға индексі (ж/ж) (қырк)	USD	2,9%	2,9%

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні Күні Алдыңғы ай

Жылдық инфляция	12,6%	01.11.25	12,9%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	60,7	01.11.25	57,4
Ақша базасы, млрд KZT	14 842,9	01.11.25	14 344,2
Ақша масса, млрд KZT	49 331,8	01.11.25	48 139,4

Қазақстанның несие рейтингі


Рейтинг Күні Алдыңғы

S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	22.08.25	BBB-/A-3 тұрақты
Moody's	Baa1/тұрақты	01.10.25	Baa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.